

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасы

«Миссионерлік әдістері» пәні бойынша дәріс тезистері

Дәріс 5. Ислам дінінің таралу тарихы немесе исламдандыру үдерісі

Дәрістің мақсаты – исламдағы дағуат ерекшеліктерін анықтау. Исламның таралу кезеңдерін жүйелеу.

Дәрістің негізгі мәселелері:

1. Исламдық дағуат миссионерлік қызметке балама;
2. Исламдандыру және арабтандыру теориялары;
3. Ислам дінінің таралуына қатысты тұжырымдар.

Ислам – әлемдік діндердің ішінде жас саналғанымен, бірнеше ғасырлық тарихы бар, таралу аймағына қарай өзіндік ерекшелікке ие дін. Ислам діні ұстанушыларының саны жағынан христиан дінінен кейінгі екінші орынды иеленеді. Және бұл көрсеткіш жыл санап артып келеді. Пью (Pew) зерттеу орталығының әлем діндерінің болашағы жөнінде жүргізген болжамына сәйкес, ислам 2070 жылы христиан дінімен теңесіп, 2100 жылға қарай алғашқы орынға шығады. Орталық есебі бойынша христиандар да өз өсімін жалғастыра береді, бірақ бұл үдеріс өте баяу жүреді. Мұсылмандар санының өсуі демографиялық жағдайлармен, исламдандыру және исламның қайта жаңғыруы сияқты үдерістермен байланысты болады деген болжам жасайды.

Исламдандыру ұғымына келер болсақ, алғашында исламдандыру – мұсылман мемлекетінің басқа елді жаулап алуы нәтижесінде немесе дін таратушылар арқылы исламды қабылдауы делінсе, бүгінгі таңда дәстүрлі мұсылман емес ортада исламның таралуын білдіреді. Исламдандыру терминіне анықтама берген ресейлік ғалым А.А. Садыхова: «бастапқыда, батыс және ресейлік шығыстану ғылымында, исламдандыру мұсылмандар жаулап алған мемлекеттердегі халықтардың исламды (ерікті немесе еріксіз түрде) қабылдауы деп түсіндірілді. Яғни исламдандыру христиандандыруға ұқсас үдеріс ретінде қарастырылды» деген ойды айтады.

Исламның таралу тарихын зерттеген ғалымдар исламдандырумен қатар, арабтандыру терминіне де анықтама беруге тырысты. Себебі арабтандыру бағынышты халықтардың араб тілі мен мәдениетін қабылдауы дегенді білдірсе, исламдандыруды діни сенімді қабылдау деп айтуға болады. Арабтану үдерісі исламның пайда болуымен қатар жүрді. Арабтану этникалық бірегейлікпен, ал исламдану діни бірегейлікпен байланысты. Дінді ұстанған адам біртіндеп келбеті, киімі, сөйлеу мәнерімен арабтана бастайды. Бүгінгі таңда болып жатқан діни негіздегі қақтығыстар осы екі ұғымның ара-жігін ажыратпауда жатыр деп айтуға болады.

Исламдандыру үдерісіне қатысты батыс ғылымында бірнеше теория бар. Ислам дінінің таралуын түсіндіруге бағытталған алғашқы теория «қылыш теориясы» (sword theory) болды. Бұл теорияға сәйкес, ислам мұсылман жаугершілігінің нәтижесінде күштеп таралды. Араб-мұсылман мемлекеттері жаңа жерлерді жаулап алу барысында исламды жергілікті халық арасында күштеп таратты деп есептелді. Аталған теория XIX ғасырдың соңына дейін жалғасын тапты. Кейіннен арабтанушы Т. Арнольдтың «Исламның таралуы» атты кітабының шығуымен байланысты бұл көзқарас өзгерді. Келесі теория исламның таралуын мұсылман-иммигранттарының жергілікті халықпен араласуы, некелесуі, сол елдімекенде тұрақтап қалуымен түсіндіреді. Бұл теория бойынша исламдандыру тұрмыстық-мәдени байланыстар арқылы жүзеге асты. Үшінші теорияға сәйкес

исламдандыру мұсылман мемлекетінің қол астындағы адамдардың билікке, белгілі бір жеңілдіктерге қол жеткізу үшін ислам дінін қабылдауы арқылы жүзеге асты. Мұсылман елдерінің қол астында исламнан өзге діндерді ұстанғандар болды. Олардың алдында исламды қабылдау немесе зимми құқығына ие болып, салық төлеу таңдауы тұрды. Осы мәселе де өзге діндегілердің ислам дініне өтуіне себеп болды. Соңғы төртінші теория бойынша, ислам әлеуметтік құтқарушы және қоғамдағы теңсіздікті жоюға бағытталған күш ретінде алға шығады. Бұл, әсіресе Үндістандағы касталық жүйені жоюға, өзгертуге бағытталған үдерістерде және әлеуметтік теңдік орнату сияқты мәселелерде көрініс тапты. Бұл АҚШ пен батыс елдеріндегі қара нәсілділердің исламға келуінің себептерінің бірі болды деп айтуға толық негіз бар. Дегенмен, біздің ойымызша, бұл теориялар исламның көптеген елдерге таралуын жеткілікті деңгейде сипаттап бере алмайды. Мәселен, алғашқы «қылыш» теориясының негізсіздігіне мұсылман билеушілерінің жаулап алған елдердегі діни сенімдерге төзімділік танытуы дәлел бола алады. Тарих барысында өзге діндегілерге зимми құқығының берілуі, олардың салық төлеп өз діндерін ұстануға еркін болуы – осыған дәлел. Сонымен бірге географиялық фактілерді ескерсек, аталған теориялардың исламдандыру үдерісін толық қамти алмайтынын көреміз. Сол себепті біз ислам дінінің таралуына ықпал еткен факторларды атап өтсек:

Ислам б.д. VII ғасырының басында Араб түбегінде пайда болды. Исламның пайда болуына араб жерінде кеңінен тараған ханифиттердің ілімі себеп болды. Ислам дінінің негізін салушы Мұхаммед пайғамбарға ханифиттердің монотеистік сенімі ықпал етті. Жоғары айтқанымыздай, араб-мұсылман мәдениетінің дамуы мен исламның таралуына бірнеше факторлар ықпал етті. Жалпы алғанда, Мұхаммедтің өмірі арқылы исламның пайда болу, қалыптасу және таралу тарихын көруге болады. Себебі: Мұхаммедке алғашқы уахи жіберілген уақыттан бастап, дүниеден өткенге дейінгі аралықта исламның қоғам өмірінде маңызды орынға ие болғанын көреміз. Құран аяттарының меккелік және мәдиналық болып бөлінуінің өзі, Мұхаммед пайғамбардың қоғам өмірінде рөлінің өзгеруімен тығыз байланысты. Өйткені меккелік аяттарда бір Аллаға табыну, ислам дінінің негіздері айтылса, мәдиналық аяттарда мұсылмандық қауым, отбасы ішіндегі тәртіп және өзге дінді (иудаизм және христиан) ұстанғандарға қатынас мәселесі қозғалады. Яғни жаңа мемлекет құрылу барысында туындаған сұрақтарға жауап беріліп, ислам бүкіл адамзатқа жіберілген ең соңғы, әрі ақиқат дін ретінде танылып, мұсылмандар сенімінің негізіне айналды. Келесі фактор мұсылман әскерлерінің көрші мемлекеттерге жаугершілігінің нәтижесінде Сирия, Армения, Әзірбайжан, Мысыр, Иран елдерін басып алуы және бағынышты халықтардың ғылыми, философиялық, мәдени жетістіктеріне ашық болып, жаңа исламдық дүниетанымның пайда болуына ықпал етуі болды.

Исламның таралуына ықпал еткен келесі фактор сопылардың мистикалық-аскеттік ілімдері болды. Сопылық қауымдар халық арасында дін таратты. Олар жергілікті халықтың дәстүрлері мен исламға дейінгі сенімдерін жойып жібермей, ислами қағидалармен үйлестіре отырып, бейімдеді. Сопылық ислам мемлекеттерінің қол астындағы халықтардың діни сенімді ұстануына, сонымен бірге, этникалық бірегейлігін сақтауына ықпал етті.

Ал XIX ғасырдан бастау алып, бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан исламды жаңарту үдерісі – исламның заман талабына сай бейімделіп таралуына ықпал етуші факторлардың бірі болып табылады. Бұл кезеңде ислам ғұламалары исламның гуманистік потенциалын дәріптеп, насихаттау ісін қолға алды. Исламға қатысты ежелден келе жатқан стереотиптерді жоюға, ислам мәдениетінің адамзаттың даму тарихындағы алатын орнын айшықтауға барын салды. Бұл кезеңде, исламдық миссионерлік ұйымдар пайда болды. Исламдық ұйымдар әлемнің түрлі елдерінде діни сенімді тарату ісін қолға алды. Сол себепті біз XX ғасырда көптеген исламдық ұйымдардың пайда болғанын көреміз. Олардың ішінде, Ислам конференциясы ұйымы, Ислам әлемі ұйымы, Әлемдік Ислам конгресі, Еуропадағы ислам кеңесі сияқты т.б. ұйымдар бар. Ислам конференциясы ұйымы мұсылман елдерінің мемлекет басшыларымен және мемлекеттік ұйымдармен бірлесе отырып жұмыс жасайды. Аталған ұйымдар ислам дінін таратуды, діни қайраткерлермен кездесу ұйымдастыруды,

исламға қатысты мәселелерді шешуге бағытталған жиындарды өткізуді және түрлі елдердегі мұсылман қауымдарына қаржылай көмек көрсетуді мақсат етеді. Сонымен бірге, елімізде экстремистік деп танылып, тыйым салынған Таблиғи Жамағат ұйымы ислам дініндегі батыстық үлгідегі миссионерлікті қалыптастырды. Бұл ұйым «таблиғпен» дағуат жүргізуді қолға алды.

Ирандық профессор А. Эззати исламның әлем елдерінде таралуына ықпал еткен бірнеше себептерді бөліп көрсетті. Олар: діни және рухани; христиандық пен исламдағы діни және рухани басшылар мен иерархиялық құрылымдар; интеллектуалды және ғылыми; моралдық және этикалық; мәдени; гуманитарлық; саяси; әлеуметтік; экономикалық; білім беру; өркениет.

Алғашқы діни және рухани себеп ислам теологиясының Таухид (бір құдайға сену), екіншісі Рисалат (пайғамбарлық) атты екі принципке негізделгендігімен байланысты. А. Эззатидің айтуынша, әрбір мұсылман сұрақтарына жауаптарды Құран мен хадистерден алады. Христиандық пен исламдағы дінбасшыларының арасындағы басты айырмашылық мұсылман діни қайраткерлері адам мен Құдай арасындағы Медиатор емес, Алланың ілімін түсіндіруші, яғни ғұлама рөлін таңдады. Интеллектуалды, ғылыми, мәдени, саяси, әлеуметтік себептерге келсек, ислам таралған аймақтардағы халықтардың ғылымын, мәдениетін жоққа шығармай, керісінше, оны өз қағидаларымен ұштастырды. Ислам ілімінің қарапайымдылығы, рационалдылығы, адам мен қоғам өмірінің барлық аспектілерін қамтуы және ешқандай делдалсыз Құдайға құлшылық ету мүмкіндігі сияқты себептер оның көптеген елдерде таралуына ықпал етті.

Түрлі мәдениеттер мен халықтардың исламды қабылдауы – оның бай екенін және адамдарға әртүрлі идеялар бере алатындығын көрсетеді. Исламның таралуы уақыт, мекен және тарихи оқиғалармен тығыз байланысты деп айтуға болады.

Қорытындылап айтқанда, заманауи қоғамда исламдандыру үдерісі және исламмен байланысты мәселелер аса өзекті болып отыр. Әлемде және елімізде ислам ықпалының күшеюі мен исламистік идеялардың белең алуы осы бағытта зерттеулер жүргізудің маңыздылығын көрсетеді. Ислам дініне тартудың өзіндік ерекшеліктері бар. Исламдандыру арабтандыру үдерісімен қатар жүрді. Бүгінде әлемдегі діни қақтығыстардың осы діни және ұлттық бірегейліктің ара-жігін ашып анықтай алмаудан туындап отыр. Келесі бөлімдерде, біз исламның қазақ жерінде таралу тарихы мен қазіргі Қазақстандағы жаңа исламдық ұйымдарды қарастырамыз.

Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Дағуаттың әдіс-тәсілдеріне сипаттама;
2. Араб-мұсылман мәдениетінің дамуы мен исламның таралуына әсер еткен негізгі факторлар;
3. Ғылыми айналымдағы исламдандыру үдерісіне қатысты басты теориялар;
4. Ирандық профессор А. Эззатидің ислам дінінің таралуына қатысты тұжырымы.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Курманалиева А.Д., Утебаева Д.С., Әскенұлы Е. Миссионерлік әдістері. – А., 2019 – 178 б.
2. Байтенова, Н.Ж. Исламдағы секталар мен бағыттар: оқу құралы / Н.Ж. Байтенова, Б.Қ. Бейсенов, С.У. Абжалов. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.
3. Құрманалиева А.Д., Утебаева Д.С. Ислам дінінің таралу тарихы және ерекшеліктері // ҚазҰУ Хабаршысы, Философия сериясы, Мәдениеттану сериясы, Саясаттану сериясы. – 2016. – № 3 (57).– Б. 64-72.
4. Али-заде, А. Исламский энциклопедический словарь // Серия золотой фонд исламской мысли. – М.: Ансар, 2007. – 396 с.
5. Грюннебаум, Г.Э. Классический ислам. Очерк истории (600–1258) / пер. с англ. – М.: Наука; Главная редакция восточной литературы, 1986. – 216